

М.Т. Әкімжанова, Г.Б. Әсетова*, А.Қ. Мұратова

*Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан
(E-mail: makimzhanova@inbox.ru, Scopus Author ID: 57204332730, gulnur_asetova@mail.ru, aiza_yo@mail.ru)*

Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасының азаматтық заңнамасындағы кейбір заңдық терминдердің анықталу ерекшеліктері

Мақала Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасының азаматтық-құқықтық нормативтік актілерінде кейбір заңдық терминдердің қолданылу ерекшеліктерін салыстырмалы-құқықтық талдауға арналған. Аталмыш тақырыпты талдау барысында азаматтық-құқықтық нормалар мен актілердегі заң терминологиясын дамыту процесінде белгілі бір заңдылықтар анықталды, бұл Қазақстан Республикасының отандық азаматтық құқығын қалыптастыру процесінде заң тілін жүйелендірудің тұтас көрінісін жасауға негіз бола алады. Қазіргі азаматтық заңнамада заң терминологиясының жұмыс істеуіне байланысты мәселелерді зерттеу отандық нормативтік кеңістікті жетілдіру жолдарын жан-жақты түсінуге негіз береді. Авторлар теориялық және тәжірибелік маңызы бар, нақты мысалдармен нығайтылған және Қазақстан Республикасының азаматтық-құқықтық нормативтік актілері мәтіндерінің сапасын жетілдіруге бағытталған тұжырымдар мен ұсынымдарды негіздейді. Зерттеу нәтижелері жаңа және бірегей болып табылады, авторлық ұстаным негізделген, пайымдалған теориялық тұжырымдар мен заңнамалық мәтіннің сапасын жақсарту жөнінде әзірленген тәжірибелік ұсынымдар заң техникасының жалпы қағидаларын әзірлеу, «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңын жетілдіру барысында, сонымен қатар, норма шығару қызметі мен құқық қолдану тәжірибесін кеңейту заң жобаларына мемлекеттік тілде лингвистикалық сараптама жүргізуге байланысты қызметте пайдаланылуы мүмкін. Авторлар жалпы қабылданған, біркелкі және тиісті түрде рәсімделген заң терминдерін қамтитын бірыңғай заңды терминологиялық сөздікті енгізуді ұсынған. Мақаланы жазу барысында ғылыми танымның жалпы әдістері қолданылған: синтез, талдау, индукция, шегеру, сонымен қатар, салыстырмалы-құқықтық, жүйелік, логикалық.

Кілт сөздер: Қазақстан Республикасы, Түркия Республикасы, заңдық терминология, азаматтық заңнама, заңдық техника, нормативтік акті, құқықтық сараптама, лингвистикалық сараптама, заң, термин, терминдік сөздік.

Kipicne

Заң тілі — бұл әркім оңай түсіне бермейтін тіл, алдымен ғылымда құқықтың өзіне тән белгілі бір терминология бар, тағы бір себеп — еліміздегі заң тілінің қиындығы. Соңғы уақытта заң тілі ерекше назар аударта бастады. Оның ішінде заң қалыптастыру техникасы саласында біршама жаңашылдықтардың енгізілуіне, азаматтық құқық саласы бойынша нормативтік базаның ұлғаюына байланысты отандық заң шығару үдерісінде құқықтық мәтіннің нысаны мен мазмұнының маңызы едәуір артты. Негізгі институттарының түбегейлі өзгеруінің салдарынан азаматтық заңнаманың мәтіндері лексикалық және заңды тұрғыдан күрделі болып табылады.

Өз кезегінде, отандық азаматтық заңнаманы жүйелендіру және барлық нормативтік кеңістікті дамыту азаматтық-құқықтық мәтіндердің тілдік ерекшеліктеріне егжей-тегжейлі талдау жүргізудің, құқықтық нормаларды заңнамалық рәсімдеуге байланысты мәселелерді анықтау мен шешудің негізі болды. Сондықтан қазіргі уақытта азаматтық заңның тілін зерттеу ерекше маңызға ие.

Азаматтық-құқықтық нормативтік кеңістіктің негізгі ақпараттық құрамдас бөлігі заң терминологиясы болып табылады. Заңнамалық мәтіндегі әрбір заңдық термин сәйкес ұғымды дәлме-дәл көрсетуге бағытталған белгілі бір қызметті жүзеге асырады. Әрбір нормативтік-құқықтық актінің мәтінде заңдық терминологияны қолдану сауаттылығы заңның жоғарғы сапасының, әрекет ету тұрақтылығының негізі болып табылады.

Заманауи нормашығармашылықта терминнің заңдық мәтініне енгізілген ұғымның мағынасына сәйкестігі, заң мәтіндегі тілдік қателіктер тәрізді мәселелер өзекті болып қала береді. Азаматтық-құқықтық нормативтік актілердің мәтіндерінде олардың мазмұнын талдауға жеткілікті көңіл

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: gulnur_asetova@mail.ru

бөлінбейді деп есептейміз. Жоғарыда айтылғандар азаматтық заң мәтіндерін талдаудың негізгі элементі ретінде заңдық терминологияны зерттеудің өзектілігін анықтайды.

Зерттеу нысаны ретінде заңдық терминологияның қайнар көзі ретінде Қазақстан Республикасының және Түркия Республикасының азаматтық заң нормалары тандалды.

Зерттеудің нақты мақсаты — Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасының азаматтық заңнамасында заңдық терминологияның қалыптастырылуы мен жұмыс істеуіне байланысты негізгі мәселелерді кешенді зерттеу және азаматтық-құқықтық заңнамалық мәтіннің сапасын арттыруға бағытталған тәжірибелік ұсыныстарды әзірлеу болып табылады.

Анықталған мақсатына сәйкес зерттеуде мына міндеттер қойылады:

– Қазақстан Республикасының және Түркия Республикасының азаматтық заңнамасындағы заң терминологиясына салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізу, азаматтық-құқықтық терминологиялық өрістің даму үрдістері мен келешектерін айқындау;

– қазіргі заманғы азаматтық заңнамада заң терминологиясын қолдануға қатысты мәселелерді зерттеу, анықтау және оларды шешу жолдарын ұсыну.

Әдістер мен материалдар

Зерттеу әдістері ретінде ғылыми-теориялық, нормативтік-құқықтық актілердегі, мемлекеттік бағдарламадағы құқықтық актілерді рәсімдеу тәсілдерінің, талаптары мен қағидаларының жиынтығына қатысты талдау, топтау, жалпылау, жүйелеу, салыстыру, индукция және дедукция қолданылды.

Зерттеу жүргізу материалдары ретінде «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V Қазақстан Республикасының Заңы; «Кешенді кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг) туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 24 маусымдағы № 330 Заңы; Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. Жалпы бөлімі. 1994 жылғы 27 желтоқсан № 268-ХІІІ; Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (ерекше бөлім) 1999 жылғы 1 шілдеде № 409–1 қабылданған; Түркия Республикасының № 4721 22.11.2001 ж. қабылданған Азаматтық кодексі пайдаланылды.

Нәтижелер және талқылау

Нормашығармашылық үрдісі мемлекеттің құқықтық қызметінің бір түрі бола отырып, әлеуметтік басқару тетігінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, сондықтан ғалымдардың назарын аударады. Құқықтық актілерді қалыптастыру үрдісінде заң мәтінін әзірлеу, қолданудың дұрыстығы мен дәлме-дәлдігі маңызды рөл атқарады.

Қазақстан Республикасының азаматтық-құқықтық нормалардың тиімділігінің қажетті талаптары ретінде заңнамалық мәтінде дәлме-дәл, сауатты құрылған терминологиялық жүйенің, сондай-ақ, стилистикалық тұрғыдан дұрыс рәсімделген тілінің болуы қарастырылады. Қазіргі таңда азаматтық заңнамада және нормативтік салада қамтылған заңды терминологиялық кеңістікті жүйелеу және біріздендіру ерекше өзекті болып табылады. Заң терминологиясын ретке келтіру норма шығару және құқыққолдану субъектілерінің қызметін айтарлықтай жеңілдетеді.

Біздің ойымызша, заң шығарушының кейде заңның жедел түрде құрастыру ұмтылысы пайда болған қоғамдық қатынастарды тез арада реттеу қажеттілігінен туындайды. Соның негізінде осындай ұмтылыс көбінесе заңның сапасын едәуір төмендетеді және соның салдарынан құқық қолдануда теріс роль атқаратын барлық терминологиялық қателіктердің болуына әкеледі. Сондықтан, бүкіл ұлттық нормативтік базаны, әсіресе азаматтық-құқықтық мағынадағы заңнамалық актілерді айтарлықтай жаңарту жағдайында заңнамалық мәтінді қалыптастыру техникасы мен тактикасына, заң тілінің өзіндік ерекшеліктеріне және заң терминологиясына талдамалы зерттеулер жүргізу қажеттілігі туындайды [1: 112].

«Құқықтық актілер туралы» 2016 жылдың 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабында нормативтік құқықтық акт мәтінінің мазмұнына және жазылу стиліне қойылатын талаптар көрсетілген [2]. Осы орайда Қазақстан Республикасымен Түркия Республикасының азаматтық заңнамаларында қолданылатын кейбір заң терминдерінің мағынасы мен мазмұнының анықталуына тоқталайық. Оның ішінде шет тілінен енген терминдердің әрекет етуші заңнамаларда қолданудың ерекшеліктерін анықтау.

Екі елдің азаматтық заңнамасында шетелдік терминдердің қолданылуы орын алуда, соның дәлелі ретінде «ипотека», «факторинг», «франчайзинг», «норма» терминдеріне берілген түсініктерді қарастырайық. 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ Қазақстан Республикасының Азаматтық

кодексінің 303-бабының 1-тармақшасына сәйкес: «*Ипотека* — кепілге салынған мүлік кепіл салушының немесе үшінші бір жақтың иелігінде және пайдалануында қалатын кепіл түрі» деп бекітілген [3]. Түркия Республикасының заңнамасы бойынша: «Ипотека [ipotek] — жылжымайтын мүлікті беру, құқық иесіне жылжымайтын мүліктің құнынан алуға құқық беретін шектеулі құқық» [4: 358].

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 24 маусымдағы № 330 «Кешенді кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг) туралы» Заңының 1-бабының 2-тармақшасына сәйкес: «Кешенді кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг) — айрықша құқықтар кешенінің құқық иеленушісі осы кешенді басқа тұлғаға өтемі негізде пайдалануға беретін кәсіпкерлік қызмет», — деп бекітілген [5]. Ал, түрік заңдық терминологиясынан «Франчайзинг» [franchising] — инвестор ұсынатын қызметтің орнына тауарлар мен қызметтерді пайдалану» деп анықталғанын көреміз [6: 566].

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 37-тарауында *Факторингті* — ақшалай талапты беріп, қаржыландыру деп қарастырылған [3]. Өз кезегінде Түркия Республикасының азаматтық заңнамасы бойынша *Факторинг* [faktoring] бұл — «ақшалай талапты беру арқылы жүзеге асырылатын және мәміле тараптарының бірі борышкердің міндеттемесінің сомасын несие берушіге төлеу арқылы несие беруші мен борышкер арасындағы ақшалай міндеттемеге кірісуге міндеттенетін қаржыландырудың ерекше түрі» [7: 658].

Сонымен қатар, 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 1-бабының 18-тармақшасына сәйкес: «Құқық нормасы — реттелетін қоғамдық қатынастар шеңберінде көп мәрте қолдануға арналған, жеке-дара айқындалмаған тұлғалар тобына қолданылатын, тұрақты немесе уақытша сипаттағы жалпыға міндетті мінез-құлық қағидасы» — деп көрсетілсе, [2] Түрік Республикасының заңнамасында құқық нормасы [hukuk normu] — қоғамдық қатынастарды реттеуші әрекет ететін жалпыға міндетті, формальды түрде анықталған мінез-құлық ережесі [8: 123].

Жоғарыда аталғандардың негізінде Қазақстан Республикасының және Түркия Республикасының азаматтық заңнамаларында шетелдік түп тамыры бар заңдық терминдердің қолданылатындығын көруге болады. Дегенмен, оларды пайдаланудың ерекше жағдайларына назар адарған жөн.

Қазіргі таңда заң әдебиеттерінде шетелдік заңдық терминдерді сол қалпында пайдалануға қатысты әртүрлі ой-пікірлер қалыптасқан. Соның ішінде В.А. Гостиктің «егер отандық лексикада тиісті ұғымды нақты анықтайтын сөз болса, онда отандық лексикадағы сөзді пайдалануға болады», сонымен қатар, «шетелдік терминологияны негізсіз пайдалануға жол бермеу шетелдік терминдерді қолданудан толық бас тартуды білдірмейді. Себебі, бұл негізінен, мүмкін болмайтын және ең бастысы мақсаттылы емес жағдай» [9: 305] деген пікірі ақылға қонымды.

Қорытынды

Жоғарыда аталғандардың негізінде, мынадай қорытындыларға келдік:

– Азаматтық-құқықтық нормативтік ережелерді тұжырымдау кезінде дәстүрлі терминдердің өзіндік түп тамырларымен және шетелдік лексикамен үйлесімінде көрінетін терминологиялық тепе-теңдікті сақтауға тырысу ұсынылады. Сондықтан, шет тілінен енген терминологияны теріс пайдаланбау керек, заң ғылымында оларды пайдалануға қатысты жалпы бастауларға сүйене отырып, қазақстандық заң тіліне кез келген шет тілдік терминдерді енгізу себебі анықталуы тиіс екенін ескере отырып, шет тілінен енген терминологияны пайдалану қажет;

– Азаматтық-құқықтық нормативтік актілердің мәтіндерінде пайдаланылатын тілдік құрылымдарды оңайлату арқылы кез келген мүдделі тұлғаға қарапайым және түсінікті етіп қалыптастыру қажет;

– Заң шығарушыға азаматтық заңнамада заңдық терминологияны қолданумен байланысты мәселелердің ауқымын тарылту және тілдік нормаларды бұзбау арқылы заңның тілдік мәдениетін жоғары деңгейде көтеруге ұмтылуы керек. Аталған үрдіске біртұтас лингвистикалық-құқықтық зерттеулер нәтижесін қалыптастыратын, заңнамалық мәтінді кешенді құқықтық және лингвистикалық сараптамамен ықпал етуі керек;

– Ұғымдар олардың мазмұнына сәйкес, мүмкіндігінше нақты және анық анықталуы керек. Осыған байланысты азаматтық-құқықтық нормативтік актінің мәтінінде анықтаманы орналастырудың негізгі мақсаты тиісті ұғымның мәнін толық, жан-жақты, заңды түрде негізделген және сауатты ашу болып табылады.

Сонымен, барлығына қол жетімді, отандық нормативтік массивтің барлық анықтамалық аппаратын, оның ішінде азаматтық құқық терминологиясын қамтитын терминологиялық сөздік жасау керек, арнайы нормативтік актіде оның қалыптасу тәртібін түсіндіре отырып, осы сөздікке мемлекеттік мәртебе беру керек. Анықтамалық материалдарды осындай жүйелеу Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында бар қайшылықтар мен олқылықтарды жою кезінде нақты көмектесуі қажет. Бұл барлық заң шығару процесін жетілдіруге бағытталған жаңа ғылыми тұжырымдар мен тәжірибелік ұсыныстардың негізі болады.

Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (Грант № АР09259787).

Әдебиеттер тізімі

- 1 Туранин В.Ю. Проблемы формирования и функционирования юридической терминологии в гражданском законодательстве РФ: дис. ... канд. юрид. наук: 12.00.03 – «Гражданское право; предпринимательское право; семейное право; международное частное право» / В.Ю. Туранин. — Белгород, 2002. — 186 с.
- 2 «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылдың 6 сәуірдегі Заңы (өзгерістермен және толықтырулармен) [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480>
- 3 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім). Қазақстан Республикасының Кодексі 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51006061#activate_doc=2
- 4 Yılmaz, Ejder. Hukuk Sözlüğü. — Ankara, 2015. — 789 p.
- 5 «Кешенді кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг) туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 24 маусымдағы № 330 Заңы [Электронды ресурс] — Қолжетімділік тәртібі: https://adilet.zan.kz/kaz/archive/docs/Z020000330_/29.06.2020
- 6 Selahattin Bağdatlı. Hukuk Sözlüğü. — Istanbul, 2012. — 621 p.
- 7 Yaşa, Yasemin. Hukuk Terimleri Sözlüğü. — Istanbul, 2017. — 771 p.
- 8 Bozkurt, Avçerauf. Türk Parlamento Hukuku. — Ankara: TBMM İçtüzüğü, 2018. — 324 p.
- 9 Толстик В.А. Требования, предъявляемые к юридической терминологии: формально-логическое и социокультурное обоснование / В.А. Толстик // Юридическая техника. — 2016. — № 10. — С. 302–307.

М.Т. Акимжанова, Г.Б. Асетова, А.К. Муратова

Особенности определения некоторых юридических терминов в гражданском законодательстве Республики Казахстан и Турецкой Республики

Статья посвящена сравнительно-правовому анализу особенностей применения некоторых юридических терминов в гражданско-правовых нормативных актах Республики Казахстан и Турецкой Республики. В результате анализа темы были выявлены определенные закономерности в процессе развития юридической терминологии в гражданско-правовых нормах и актах, что может служить основой для создания целостной картины формирования юридического языка в становлении отечественного гражданского права Республики Казахстан. Исследование проблем, связанных с функционированием юридической терминологии в современном гражданском законодательстве, дает основание к всестороннему осмыслению путей совершенствования отечественного нормативного пространства. Авторами обоснованы выводы и рекомендации, имеющие теоретическое и практическое значение, подкрепленные конкретными примерами и направленные на совершенствование качества текстов гражданско-правовых нормативных актов Республики Казахстан. Сформулированные авторами в исследовании теоретические выводы и выработанные практические рекомендации по улучшению качества законодательного текста могут быть использованы при разработке общих правил юридической техники, совершенствовании Закона Республики Казахстан «О правовых актах», нормотворческой деятельности и правоприменительной практики, а также в деятельности, связанной с проведением лингвистической экспертизы законопроектов на государственном языке. Авторами предложено введение унифицированного юридического терминологического словаря, содержащего упорядоченные общепринятые, единообразные и надлежаще оформленные юридические термины. При написании статьи авторами использовались общие методы научного познания: синтез, анализ, индукция, дедукция, кроме того, сравнительно-правовой, системный, логический методы.

Ключевые слова: Республика Казахстан, Республика Турция, юридическая терминология, гражданское законодательство, юридическая техника, нормативный акт, правовая экспертиза, лингвистическая экспертиза, закон, термин, Гражданский кодекс.

M.T. Akimzhanova, G.B. Assetova, A.K. Muratova

Features of the definition of some legal terms in the civil legislation of the Republic of Kazakhstan and the Republic of Turkey

The article is devoted to a comparative legal analysis of the peculiarities of the use of certain legal terms in the civil legal acts of the Republic of Kazakhstan and the Republic of Turkey. As a result of the analysis, certain patterns were identified in the development of legal terminology in the civil law norms and acts. This can serve as a basis for creating a holistic picture of the formation of a legal language in the process of formation of the domestic civil law of the Republic of Kazakhstan. The study of the problems that are associated with the functioning of legal terminology in the modern civil legislation provides grounds for a comprehensive understanding of ways to improve the domestic regulatory space. The authors substantiated the conclusions and recommendations that have a theoretical and practical significance, supported by specific examples, and aimed at improving the quality of the texts of the civil legal normative acts of the Republic of Kazakhstan. Theoretical conclusions and developed practical recommendations can be used in the development of general rules of legal technique, improvement of the law of the Republic of Kazakhstan “On Legal Acts”, as well as to improve rule-making and law enforcement practice in activities, which are associated with the linguistic examination of bills in the state language. The authors have proposed the introduction of the commonly used legal terminology, which contains ordered, generally accepted, uniform and properly formalized legal terms. During the study, methods of scientific knowledge: synthesis, analysis, induction, deduction, in addition, comparative legal, systemic, logical methods have been applied.

Keywords: Republic of Kazakhstan, Republic of Turkey, legal terminology, civil legislation, legal technique, normative act, legal expertise, linguistic expertise, law, term, civil code.

References

- 1 Turanin, V.Yu. (2002). Problemy formirovaniia i funkcionirovaniia yuridicheskoi terminologii v grazhdanskom zakonodatelstve Rossiiskoi Federatsii [Problems of the formation and functioning of legal terminology in the civil legislation of the Russian Federation] *Candidate's thesis*. Belgorod [in Russian].
- 2 «Qyqyqytqy aktiler turaly» Qazaqstan Respublikasynyn 2016 zhyldyn 6 sauirindegi Zany [Law of the Republic of Kazakhstan “On Legal Acts” April 6, 2016]. *adilet.zan.kz* Retrieved from <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480> [in Kazakh].
- 3 Qazaqstan Respublikasynyn Azamattyq kodeksi (Zhalpy bolim). Qazaqstan Respublikasynyn Kodeksi 1994 zhyly 27 zheltoqsandagy N 268-XIII [Civil Code of the Republic of Kazakhstan. Enforced by the Decree of the Supreme Council of the Republic of Kazakhstan dated December 27, 1994.] Retrieved from https://online.zakon.kz/Document/?-doc_id=51006061#activate_doc=2 [in Kazakh].
- 4 Yılmaz, Ejder. (2015). Hukuk Sözlüğü. Ankara [in Turkish].
- 5 «Keshendi kasipkerlik litsenziia (franchaizing) turaly» Qazaqstan Respublikasynyn 2002 zhyly 24 mausymdagy N 330 Zany [On complex entrepreneurial license (franchising). The Law of the Republic of Kazakhstan dated 24 June 2002 No. 330]. *adilet.zan.kz* Retrieved from https://adilet.zan.kz/kaz/archive/docs/Z020000330_/29.06.2020 [in Kazakh].
- 6 Bağdatlı, Selahattin. (2012). Hukuk Sözlüğü. Istanbul [in Turkish].
- 7 Yaşa, Yasemin. (2017). Hukuk Terimleri Sözlüğü. Istanbul. -2017. -771-p. [in Turkish].
- 8 Bozkurt, AvcıRauf (2018). Türk Parlamento Hukuku. Ankara: TBBM-İçtüzüğü [in Turkish].
- 9 Tolstik, V.A. (2016). Trebovaniia, predeivliaemye k yuridicheskoi terminologii: formalno-logicheskoe i sotsiokulturnoe obosnovanie [Requirements for legal terminology: formal-logical and socio-cultural justification]. *Yuridicheskaiia tekhnika — Legal technique*, 10, 302–307 [in Russian].